

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты Саржигитов Ерик Тортаевичтің 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбына жазған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің ПІКІРІ

Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы болып табылатын жыраулар поэзиясын терең зерделеу – бүгінгі күннің басты талабы. Хандық дәуір әдебиеті дәуіріндегі сөз зергерлерінің философиялық толғауларының мән-мағынасын ашып қана қоймай, оны жас ұрпаққа, әсіресе жоғары оқу орны білімгерлеріне оқытудың тиімді жолдарын қарастыру өзекті мәселе екендігі даусыз. Жыраулық поэзия – тек көркем шығармашылық үлгісі ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихи сана-сезімін, рухани дүниетанымын, моральдық-этикалық құндылықтарын бейнелейтін мәдени код болып табылады. Бұл тұрғыда, ұлттық әдеби мұраны зерттеу және оны заманауи білім беру үдерісіне енгізу қазіргі педагогикалық ғылым мен әдебиеттаным үшін маңызды стратегиялық бағытқа айналып отыр.

Ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевич өз еңбегінде номадтық жыраулық дәстүрдің әлем әдебиетіндегі орнын айқындап, оның қазақ әдебиетіндегі тарихи және мәдени салмағын саралауға ерекше көңіл бөлген. Диссертация жыраулық поэзияның тарихи тамырынан бастап, оның қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісіне дейінгі эволюциялық даму жолын ғылыми негізде жүйелі түрде көрсетуімен ерекшеленеді. Автор жыраулық поэзиясын талдауда оның көркемдік ерекшеліктерін, жанрлық құрылымын, тілдік және образдық құралдарын жан-жақты ашып, теориялық терең дайындығын көрсетті. Сондай-ақ, зерттеу барысында пайдаланылған әдеби-ғылыми дереккөздердің ауқымдылығы мен әралуандығы ізденушінің тақырыпты жан-жақты қамтып, әр түрлі көзқарастар мен ғалымдардың пікірлерін саралап, салыстырмалы талдау жүргізгенін дәлелдейді.

Зерттеуші жоғары оқу орнында жыраулар мұрасын оқытудың әдіснамалық негіздеріне ерекше назар аударған. Жыраулар толғауларындағы еркіндік, тәуелсіздік, батырлық және рухани қайсарлық туралы ой-пікірлерді білімгер санасына сіңірудің философиялық-дидактикалық және психологиялық қырларын терең талдаған. Мұндай тәсіл білімгерлердің тек әдеби сауатын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға, рухани құндылықтарды түйсінуге мүмкіндік береді. Ізденушінің жыраулар поэзиясын тек әдеби мұра ретінде емес, тұлғаның психологиялық дамуына ықпал ететін педагогикалық құрал ретінде қарастыруы жұмыстың теориялық және практикалық құндылығын арттыра түскен.

Диссертацияда оқытудың педагогикалық ұстанымдары мен түрлі әдіс-тәсілдер жүйелі түрде сипатталған. Автор жыраулар поэзиясын сабақта

колданудың заманауи технологиялық тәсілдерін, мысалы, интерактивті әдістер, ойын түріндегі сабақтар, шығармашылық жобалар, сонымен қатар білімгерлердің өзіндік зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды тиімді пайдаланудың нақты жолдарын көрсеткен. Теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастырудың оңтайлы жолдары қарастырылған, бұл болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық тәжірибеде өзіндік стиль қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыстың жаңашыл тұстарының бірі – үшінші тарауда ұсынылған эксперименттік жүйе. «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті және оқыту жүйесі» пәні аясында инновациялық технологияларды қолдану жолдары көрсетіліп, заманауи ақпараттық технологияларды білім беру процесіне енгізу әдістемесі ұсынылған. Атап айтқанда, жыраулар поэзиясын жасанды интеллект арқылы оқыту жүйесін енгізу – әдістеме ғылымына қосылған тың жаңалық болып табылады. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы сабақ мазмұнын жаңарту, мультимедиялық құралдарды тиімді пайдалану, студенттердің дербес зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту білім беру сапасын жаңа деңгейге көтереді. Эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған әдістемелік кешеннің өміршеңдігін, тиімділігін және практикалық қолданылуын нақты сандық көрсеткіштермен дәлелдеді.


Сонымен қатар, диссертацияда жыраулар поэзиясын оқыту арқылы білімгерлердің сыни ойлау қабілетін дамыту мәселесі жан-жақты қарастырылған. Ізденуші ұлттық дүниетаным мен заманауи білім беру парадигмасын сабақтастыра отырып, тың ғылыми тұжырымдар жасады. Жұмыста жыраулар мұрасын интердисциплинарлық тұрғыда зерделеу мүмкіндіктері, олардың тарихи сана мен мәдени жадтағы орны, тәрбиелік және эстетикалық әлеуеті жан-жақты талданған. Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісін жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалармен үйлесімді келеді және оқу бағдарламаларын жетілдіруге нақты ұсыныстар береді. Ұсынылған әдістемелік модельдің құрылымы нақты, мазмұны терең, қолданбалы сипаты айқын. Теориялық пайым мен эмпирикалық деректердің үйлесімді тоғысуы ғылыми ізденістің сапасын арттырғанын көрсетеді.

Автордың ғылыми пайымдаулары өзектілігімен және заманауи талаптарға сәйкестігімен ерекшеленеді. Еңбектегі ғылыми жаңалықтар мен практикалық ұсыныстар жоғары оқу орындарының филология, педагогика және мәдениеттану мамандықтарындағы оқу бағдарламаларын жетілдіруге негіз бола алады. Сонымен бірге, зерттеу жыраулар поэзиясының тек әдеби бағыттағы құндылығын ғана емес, білімгерлердің рухани және мәдени дамуына әсерін, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін де нақты дәлелдейді. Бұл ғылыми еңбек болашақта жоғары оқу орнының филология және педагогика мамандарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындауда, ұлттық рухани құндылықтарды насихаттауда, сондай-ақ білім беру үдерісін инновациялық тәсілдермен жаңғыртуда маңызды дереккөз болатыны сөзсіз.

Ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбына жазған диссертациялық жұмысы ғылыми жұмысқа қойылатын барлық талаптарға сай, техникалық талаптары толық сақталған. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, диссертациялық жұмыс педагогика және оқыту әдістемесі саласына үлес қосатын, теориялық және практикалық маңызы зор, аяқталған докторлық диссертация деп танылып, докторлық диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

М. Имангазинов



ер. ер.
S -